

№ исх: 23-0-11/800 от: 22.11.2017

№ ВХ: от: 24.11.2017

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

22.11.2017ж. №23-0-11/800

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Халық коммунистері»
фракциясының депутаттары**

**В. Косаревке
А. Қоныровқа
Ж. Ахметбековке
Г. Баймахановаға
М. Магеррамовқа
И. Смирноваға
Т. Сыздықовқа**

2017 жылғы 3 қарашадағы №ДЗ-266 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Халық коммунистері» фракциясының депутаттық сауалына жауап ретінде мынадай ақпаратты жібереді.

Азаматтардың зейнетақы жинақтары бойынша кірістілігіне қатысты
Ұсынылған депутаттық сауалда 2017 жылғы 9 айға зейнетақы активтерінің көрсеткіші инфляцияның жылдық деңгейімен салыстырып берілген, бұл дұрыс емес көрсеткіш болып табылады және халықтың БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметтің нәтижесін дұрыс қабылдамауына әкеп соғады. Сонымен бірге келтірілген кірістілік көрсеткіштің 6,1% мәні қате болып табылады.

Шын мәнінде БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің 2017 жылғы 9 айдағы кірістілігі «таза» инвестициялық кірістің 462,2 млрд. теңгемөлшерінде 6,68%, ал қаралып отырған кезеңде инфляция 4,2% болды.

Осылайша, ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы активтері бойынша 2,48% мөлшерінде нақты оң кірістілікпен қамтамасыз етілді.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің кірістілігі 2014 жылы – 6,31%-ды, 2015 жылы – 15,65%-ды және 2016 жылы – 7,95%-ды құрады.

2014 жылдан бастап 2017 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің жинақталған кірістілігі 37,9% мөлшерінде (нақты оң кірістілік 3,7% мөлшерінде) инфляция кезінде 41,6% болып, инфляцияның жинақталған деңгейінен артты.

БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің портфелі тәуекел мен кірістіліктің әртүрлі арақатынасымен қаржы құралдарының көп санынан тұрады. Портфельді қаржы құралдарының түрлері бойынша әртараптандыру жекелеген қаржы құралдарының зейнетақы активтерінің сақталуына және кірістілігіне ықпалын біраз төмендетеді.

Жалпы Ұлттық Банк инвестициялық портфельді қалыптастыру кезінде қаржы құралдарының сапасына аса назар аудара отырып, БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялаудың консервативтік саясатын ұстанады.

Ұлттық Банктің БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметі ашық болып табылады. Әрбір салымшы ай сайын БЖЗҚ-ның сайтында (www.enpf.kz) жарияланатын әрбір қаржы құралдары бөлігінде инвестициялық портфельдің құрылымымен және зейнетақы активтерінің басқарылу нәтижелерімен таныса алады.

2014 жыл – 2017 жыл аралығындағы кезеңде зейнетақы активтері жөніндегі инвестициялық қызметке қатысты

2014 жылы Ұлттық Банк 1 543,4 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтерін мынадай бағыттар бойынша инвестициялады:

- 5 жылдан 30 жылға дейінгі айналыс мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 7,7% кірістілікпен 435,0 млрд. теңге сомасына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарға;

- 1 жылдан 10 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 8,5% кірістілікпен 368,7 млрд. теңге сомасына екінші деңгейдегі банктердің облигацияларына;

- 10 жылға өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 9,1% кірістілікпен 531,0 млрд. теңге сомасына екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне;

- 4 жылдан 29 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 6,3% кірістілікпен 67,0 млрд. теңге сомасына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарына;

- 5,0 млрд. теңге сомасына қазақстандық эмитенттердің акцияларына (депозитарлық қолхаттарына);

- 10 жылдан 29 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 5,0% кірістілікпен (шетел валютасында) 23,3 млрд. теңге сомасына шет мемлекеттердің бағалы қағаздарына;

- 5 жылға өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 7,2% кірістілікпен 40,0 млрд. теңге сомасына халықаралық қаржы ұйымының облигацияларына;

- 8 жылдан 14 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 7,6% кірістілікпен (шетел валютасында) 73,4 млрд. теңге сомасына шетелдік корпоративтік борыштық бағалы қағаздарға;

2015 жылы Ұлттық Банк 971,6 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтерін мынадай бағыттар бойынша инвестициялады:

- 15 жылдан 25 жылға дейінгі айналыс мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 8,0% кірістілікпен 454,1 млрд. теңге сомасына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

- 1 жылдан 10 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 9,0% кірістілікпен 391,6 млрд. теңге сомасына екінші деңгейдегі банктердің облигацияларына;

- 9 жылдан 29 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 8,0% кірістілікпен 120,0 млрд. теңге сомасына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарына;

- 5,9 млрд. теңге сомасына қазақстандық эмитенттердің акцияларына (депозитарлық қолхаттарына).

Сондай-ақ, 2014 жылы орналастырылған депозиттердің 289,0 млрд. теңге сомасында бір бөлігі 2015 жылы осы банктердің облигацияларына айырбасталды.

2016 жылдың басынан бастап БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқару тиімділігін жақсарту мақсатында зейнетақы активтерін басқарудағы негізгі функциялар Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің құзыретіне берілді.

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін жыл сайын Кеңеспен анықталатын бағыттар шеңберінде ғана инвестициялауға кірісті.

Зейнетақы активтерін инвестициялау Ұлттық Банк Басқармасы 2016 жылғы наурызда бекіткен БЖЗҚ жаңа инвестициялық декларациясы шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл декларация Кеңеспен алдын ала мақұлданған және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген рұқсат етілген қаржы құралдарының тізіміне негізделген.

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі ақпаратты қамтитын БЖЗҚ қызметі туралы жыл сайынғы есеп Кеңеспен қаралады, ол қажет болған жағдайда зейнетақы активтерін басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

2016 жылы Кеңес ұсынымдарына, сондай-ақ 2016 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында қабылданған шешімдерге сәйкес, 1 161,2 млрд. теңге мөлшеріндегі БЖЗҚ зейнетақы активтері нарықтық талаптармен мынадай бағыттар бойынша инвестицияландырылды:

- республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 7 жыл айналыс мерзімімен және 0,1% мөлшерінде инфляция мен сыйлықақыға тең кірістілікпен 170 млрд. теңге сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

- шетелдік қаржылық нарықтарға инвестициялау үшін 500 млрд. теңге сомасына шетел валютасына;

- шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін 3,5 жыл өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 15,5% кірістілікпен 112,8 млрд. теңге сомасына екінші деңгейдегі банктердің шартты салымдарына;

- Қазақстан экономикасының нақты секторының басым жобаларын қаржыландыру үшін 1 жылдан 15 жылға дейінгі айналыс мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 15,1% кірістілікпен 378,4 млрд. теңге сомасына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шартты облигацияларына.

2017 жылдың 9 айы ішінде Кеңестің ұсыныстарына сәйкес 684,1 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтері нарықтық талаптармен мынадай бағыттар бойынша инвестицияландырылды:

- республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 9 жылға дейінгі айналыс мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 9,5% кірістілікпен 72,3 млрд. теңге сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

- Қазақстан экономикасының нақты секторының басымдықты жобаларын қаржыландыру үшін 5 жылдан бастап 9 жылға дейінгі айналыс мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 10,9% кірістілікпен 68,8 млрд. теңге сомасына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шартты облигацияларына;

- 5 жылға дейінгі айналыс мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 12,5% кірістілікпен 13,0 млрд. теңге сомасына екінші деңгейдегі банктердің облигациялары;

- шетелдік қаржы нарықтарында инвестициялау үшін кірістілікті қолдау мақсатына 2 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа мөлшерленген жылдық 2,1% кірістілікпен (шетел валютасында) шет мемлекеттердің қысқа мерзімді бағалы қағаздарына, сондай-ақ 6 айға дейінгі өтеу мерзімімен және орташа алынған жылдық 1,3% кірістілікпен (шетел валютасында) шетел банктерінің қысқа мерзімді депозиттеріне инвестицияланған 500 млрд. теңге сомасына шетел валютасына;

- 4 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және құнсыздануға және жылдық 0,1% мөлшеріндегі сыйлықақыға тең кірістілікпен 30,0 млрд. теңге сомасына халықаралық қаржы ұйымының облигацияларына.

Зейнетақы жинақтары бойынша кірістілік көрсеткішін есептеуге қатысты

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі операциялық күнді жабу қорытындылары бойынша күн сайын есептелетін БЖЗҚ комиссиялық сыйақысын шегергенде «таза» инвестициялық кіріс негізінде белгіленеді. Оның

шамасына облигациялар мен депозиттер бойынша сыйақы есептеуден алынатын кіріс сомасы, облигациялар мен акциялардың нарықтық құнының, валюта бағамдарының, қаржы құралдарымен операциялардың өзгеруінен кірістің немесе шығынның сомасы кіреді.

Операциялық күнді жабу қорытындылары бойынша алынған «таза» инвестициялық кіріс сомасы БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына олардың жинақтарының мөлшеріне барабар бөлінеді.

БЖЗҚ өндіріп алатын комиссиялық сыйақыға қатысты

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңының 53-бабы 1-тармағына сәйкес БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының ең жоғары шамасы айына инвестициялық кірістен 7,5% және зейнетақы активтерінен 0,025% жоғары емес шектерде белгіленеді. БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының шамасын жыл сайын Ұлттық Банк Басқармасы бекітеді.

БЖЗҚ арналған комиссиялардың жоғарыда көрсетілген ең жоғары мөлшері жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін бұған дейін қолданылған комиссиялармен салыстырғанда 2 есеге төмендетілді.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк Басқармасының 28.10.2016ж. №260 қаулысында БЖЗҚ 2017 жылға арналған комиссиялық сыйақысының мөлшері көрсетілген Заңда айқындалған шекті шамалардан төмен деңгейде белгіленген және айына инвестициялық кіріс сомасынан 5,25%-ды, зейнетақы активтерінен 0,0225%-ды құрайды.

Бұл ретте инвестициялық кірістен және зейнетақы активтерінен ұсталатын комиссиялық сыйақы есебінен БЖЗҚ-ның меншікті шығыстары ғана жабылмайды, сонымен бірге сенімгерлік басқару және зейнетақы активтерін кастодиандық сақтау, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару процесінде жұмсалған басқа да шығыстар бойынша қызметтерге ақы төлеу жүзеге асырылады.

Зейнетақы активтерін одан әрі басқару жөніндегі жоспарларға қатысты

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясы зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейі кезінде қаржы құралдарының алуан түрлерін оңтайлы үйлестіру есебінен ұзақ мерзімді перспективада нақты кірістілікті алуға бағытталған.

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару тәжірибесі базасында БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің валюталық бөлігінің және Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерінің жаңа стратегиялық үлестірім әзірледі. Ағымдағы жылғы тамыз айының соңында БЖЗҚ Инвестициялық декларациясына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жаңа үлестірім шеңберінде облигациялар мен акциялардың жаһандық индекстеріне индекстік инвестициялауды қолдану жоспарлануда. Соның

ішінде, құрамына 23 дамыған елге қатысты, жоғары және орташа капиталдандырылған компаниялардың 1 500-ден астам акциясы кіретін MSCI WorldIndex индексі акцияларға инвестициялау үшін эталон болады. Жаңа шетелдік нарықтарға шығу инвестициялық портфельдің сапасын жақсартуға және оның өтімділігін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Зейнетақы активтерін индекстік инвестициялау үшін шетелдік басқарушы компанияларды тарту жоспарлануда. Шетелдік басқарушы компанияларды тарту сыртқы басқарушылардың тәжірибесін, аналитикалық материалдарын, зерттеулері мен техникалық ресурстарын пайдалану арқылы инвестициялық әлеуетті өсіруге және, соның салдарындай, ұзақ мерзімді кезеңде зейнетақы активтерінің жалпы кірістілігін арттыруға жағдай туғызады.

Ұлттық Банк Мемлекет басшысының 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін сондай-ақ зейнетақы активтерін жеке қазақстандық басқарушы компанияларға беру жөнінде ұсыныстар дайындады. Аталған ұсыныстар қазіргі уақытта «Қазақстан қаржы ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ алаңында бизнес-қоғамдастықпен талқылануда.

Төраға

Д. Ақышев

№ исх: 23-0-11/800 от: 22.11.2017
№ вх: от: 24.11.2017

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 7272704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2704655
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

22.11.2017 г. №23-0-11/800

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
фракции «Народные
коммунисты»**

**В. Косареву
А. Конурову
Ж. Ахметбекову
Г. Баймахановой
М. Магеррамову
И. Смирновой
Т. Сыздыкову**

На №ДЗ-266 от 03.11.2017г.

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан в ответ на депутатский запрос фракции «Народные коммунисты» направляет следующую информацию.

Касательно доходности по пенсионным накоплениям граждан

В представленном депутатском запросе приведен показатель доходности пенсионных активов за 9 месяцев 2017 года в сравнении с годовым уровнем инфляции, что является некорректным и приводит к неправильному восприятию населением результатов инвестиционной деятельности по управлению пенсионными активами ЕНПФ. Кроме того, значение приведенного показателя доходности в размере 6,1% является неверным.

В действительности за 9 месяцев 2017 года доходность пенсионных активов ЕНПФ составила 6,68% при размере «чистого» инвестиционного дохода 462,2 млрд. тенге, тогда как инфляция в рассматриваемом периоде сложилась на уровне 4,2%.

Таким образом, с начала текущего года обеспечена положительная реальная доходность по пенсионным активам в размере 2,48%.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ в 2014 году составила 6,31%, в 2015 году – 15,65% и в 2016 году – 7,95%.

За период с 2014 года по 1 октября 2017 года накопленная доходность пенсионных активов ЕНПФ также превысила накопленный уровень инфляции, составив 41,6% при инфляции в размере 37,9% (положительная реальная доходность в размере 3,7%).

Портфель пенсионных активов ЕНПФ состоит из большого количества финансовых инструментов с различным соотношением риска и доходности. Диверсификация портфеля по видам финансовых инструментов позволяет значительно снизить влияние отдельных финансовых инструментов на сохранность и доходность пенсионных активов.

В целом Национальный Банк придерживается консервативной политики инвестирования пенсионных активов ЕНПФ, уделяя основное внимание при формировании инвестиционного портфеля качеству финансовых инструментов.

Деятельность Национального Банка по доверительному управлению пенсионными активами ЕНПФ является открытой. Каждый вкладчик может ознакомиться со структурой инвестиционного портфеля в разрезе каждого финансового инструмента и результатами управления пенсионными активами, которые ежемесячно публикуются на сайте ЕНПФ (www.enpf.kz).

Касательно инвестиционной деятельности по пенсионным активам за период с 2014 года по 2017 год

В 2014 году пенсионные активы в размере 1 543,4 млрд. тенге инвестировались Национальным Банком по следующим направлениям:

- государственные ценные бумаги Республики Казахстан, выпущенные Министерством финансов Республики Казахстан, на сумму 435,0 млрд. тенге со сроком обращения от 5 до 30 лет и средневзвешенной доходностью 7,7% годовых;
- облигации банков второго уровня на сумму 368,7 млрд. тенге со сроком погашения от 1 года до 10 лет и средневзвешенной доходностью 8,5% годовых;
- депозиты банков второго уровня на сумму 531,0 млрд. тенге со сроком погашения 10 лет и средневзвешенной доходностью 9,1% годовых;
- долговые ценные бумаги субъектов квазигосударственного сектора на сумму 67,0 млрд. тенге со сроком погашения от 4 до 29 лет и средневзвешенной доходностью 6,3% годовых;
- акции (депозитарные расписки) казахстанских эмитентов на сумму 5,0 млрд. тенге;
- ценные бумаги иностранных государств на сумму 23,3 млрд. тенге со сроком погашения от 10 до 29 лет и средневзвешенной доходностью 5,0% годовых (в иностранной валюте);

- облигации международной финансовой организации на сумму 40,0 млрд. тенге со сроком погашения 5 лет и средневзвешенной доходностью 7,2% годовых;

- иностранные корпоративные долговые ценные бумаги на сумму 73,4 млрд. тенге со сроком погашения от 8 до 14 лет и средневзвешенной доходностью 7,6% годовых(в иностранной валюте).

В 2015 году пенсионные активы в размере 971,6 млрд. тенге инвестировались Национальным Банком по следующим направлениям:

- государственные ценные бумаги Республики Казахстан, выпущенные Министерством финансов Республики Казахстан, на сумму 454,1 млрд. тенге со сроком обращения от 15 до 25 лет и средневзвешенной доходностью 8,0% годовых;

- облигации банков второго уровня на сумму 391,6 млрд. тенге со сроком погашения от 1 года до 10 лет и средневзвешенной доходностью 9,0% годовых;

- долговые ценные бумаги субъектов квазигосударственного сектора на сумму 120,0 млрд. тенге со сроком погашения от 9 до 29 лет и средневзвешенной доходностью 8,0% годовых;

- акции (депозитарные расписки) казахстанских эмитентов на сумму 5,9 млрд. тенге.

В 2015 году также была осуществлена конвертация части депозитов на сумму 289,0 млрд. тенге, размещенных в 2014 году, в облигации этих же банков.

С начала 2016 года в целях повышения эффективности управления пенсионными активами ЕНПФ ключевые функции в части управления пенсионными активами переданы в компетенцию Совета по управлению Национальным фондом, возглавляемого Президентом Республики Казахстан.

Национальный Банк начал осуществлять инвестирование пенсионных активов исключительно в рамках направлений, которые ежегодно определяются Советом.

Инвестирование пенсионных активов осуществляется в рамках новой Инвестиционной декларации ЕНПФ, утвержденной Правлением Национального Банка в марте 2016 года. Данная декларация базируется на перечне разрешенных финансовых инструментов, который был предварительно одобрен Советом и утвержден Правительством Республики Казахстан.

Ежегодный отчет о деятельности ЕНПФ, содержащий информацию по управлению пенсионными активами, рассматривается Советом, который в случае необходимости выработывает предложения по повышению эффективности управления пенсионными активами.

В 2016 году согласно рекомендациям Совета, а также решениям, принятым 10 февраля 2016 года на расширенном заседании Правительства с участием Президента Республики Казахстан, пенсионные активы ЕНПФ в размере 1 161,2 млрд. тенге инвестировались на рыночных условиях по следующим направлениям:

- государственные ценные бумаги Республики Казахстан для финансирования дефицита республиканского бюджета на сумму 170 млрд. тенге со сроком обращения 7 лет и доходностью, равной инфляции и премии в размере 0,1% годовых;

- иностранная валюта для инвестирования на зарубежных финансовых рынках на сумму 500 млрд. тенге;

- обусловленные депозиты банков второго уровня для финансирования субъектов малого и среднего предпринимательства на сумму 112,8 млрд. тенге со сроком погашения 3,5 года и средневзвешенной доходностью 15,5% годовых;

- обусловленные облигации субъектов квазигосударственного сектора для финансирования приоритетных проектов реального сектора экономики Казахстана на сумму 378,4 млрд. тенге со сроком обращения от 1 года до 15 лет и средневзвешенной доходностью 15,1% годовых.

За 9 месяцев 2017 года согласно рекомендациям Совета пенсионные активы в размере 684,1 млрд. тенге инвестировались на рыночных условиях по следующим направлениям:

- государственные ценные бумаги Республики Казахстан для финансирования дефицита республиканского бюджета на сумму 72,3 млрд. тенге со сроком обращения до 9 лет и средневзвешенной доходностью 9,5% годовых;

- обусловленные облигации субъектов квазигосударственного сектора для финансирования приоритетных проектов реального сектора экономики Казахстана на сумму 68,8 млрд. тенге со сроком обращения от 5 до 15 лет и средневзвешенной доходностью 10,9% годовых;

- облигации банков второго уровня на сумму 13,0 млрд. тенге со сроком погашения до 5 лет и средневзвешенной доходностью 12,5% годовых;

- иностранная валюта для инвестирования на зарубежных финансовых рынках на сумму 500 млрд. тенге, которая для поддержания доходности инвестировалась в краткосрочные ценные бумаги иностранных государств со сроком погашения до 2 лет и средневзвешенной доходностью 2,1% годовых (в иностранной валюте), а также краткосрочные депозиты иностранных банков со сроком погашения до 6 месяцев и средневзвешенной доходностью 1,3% годовых (в иностранной валюте);

- облигации международной финансовой организации на сумму 30,0 млрд. тенге со сроком погашения 4 года и доходностью, равной инфляции и премии в размере 0,1% годовых.

Касательно расчета показателя доходности по пенсионным накоплениям

Доходность пенсионных активов ЕНПФ определяется на основе «чистого» инвестиционного дохода за вычетом комиссионного вознаграждения ЕНПФ, который рассчитывается ежедневно по итогам закрытия операционного дня. Его величина включает сумму дохода от начисления вознаграждений по

облигациям и депозитам, дохода или убытка от изменения рыночной стоимости облигаций и акций, курсов валют, операций с финансовыми инструментами.

Сумма «чистого» инвестиционного дохода, полученного по итогам закрытия операционного дня, распределяется на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ пропорционально их накоплениям.

Касательно комиссионного вознаграждения, взимаемого ЕНПФ

В соответствии с пунктом 1 статьи 53 Закона Республики Казахстан от 21 июня 2013 года «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» максимальная величина комиссионного вознаграждения ЕНПФ устанавливается в пределах не выше 7,5% от инвестиционного дохода и 0,025% в месяц от пенсионных активов. Величина комиссионного вознаграждения ЕНПФ ежегодно утверждается Правлением Национального Банка.

Вышеуказанный максимальный размер комиссий для ЕНПФ был снижен в 2 раза по сравнению с ранее действовавшими комиссиями для частных накопительных пенсионных фондов.

В то же время, постановлением Правления Национального Банка от 28.10.2016г. №260 размер комиссионного вознаграждения ЕНПФ на 2017 год установлен ниже предельных величин, определенных указанным Законом, и составляет 5,25% от суммы инвестиционного дохода и 0,0225% в месяц от пенсионных активов.

При этом за счет комиссионного вознаграждения, взимаемого с инвестиционного дохода и пенсионных активов, покрываются не только собственные расходы ЕНПФ, но и осуществляется оплата услуг по доверительному управлению и кастодиальному хранению пенсионных активов, а также иных расходов, понесенных в процессе управления пенсионными активами.

Касательно планов по дальнейшему управлению пенсионными активами

Стратегия инвестирования пенсионных активов ЕНПФ направлена на получение реальной доходности в долгосрочной перспективе за счет оптимального сочетания различных видов финансовых инструментов при уровне риска, позволяющем обеспечить сохранность пенсионных активов.

В настоящее время Национальный Банк разработал новое стратегическое распределение валютной части портфеля пенсионных активов ЕНПФ на базе опыта управления активами Национального фонда Республики Казахстан и золотовалютных активов Национального Банка. В конце августа текущего года соответствующие изменения и дополнения были внесены в Инвестиционную декларацию ЕНПФ.

В рамках нового распределения планируется использовать индексное инвестирование в глобальные индексы облигаций и акций. В частности, эталоном для инвестиций в акции будет выступать индекс MSCI WorldIndex, в состав которого входит свыше 1 500 акций компаний с высокой и средней капитализацией, относящихся к 23 развитым странам. Выход на новые

зарубежные рынки позволяет улучшить качество инвестиционного портфеля и повысить его ликвидность.

Для индексного инвестирования пенсионных активов планируется привлечь зарубежные управляющие компании. Привлечение зарубежных управляющих компаний позволит нарастить инвестиционный потенциал через использование опыта, аналитических материалов, исследований и технических ресурсов внешних управляющих, и, как следствие, повысить общую доходность пенсионных активов в долгосрочном периоде.

Во исполнение Послания Главы государства народу Казахстана от 30 ноября 2015 года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» Национальным Банком также подготовлены предложения по передаче пенсионных активов частным казахстанским управляющим компаниям. Данные предложения в настоящее время обсуждаются с бизнес-сообществом на площадке ОЮЛ «Ассоциация финансовых организаций Казахстана».

Председатель

Д.Акишев